ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 2 желтоқсан Іс №1513-24-00-2/3604 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Мамай отырып,
сот ғимаратында алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Шонаев» Шонаев Жаныбек Мустапаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Н.Уразалин
жауапкер Ж.М.Шонаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 2 қазанда «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Шонаев» Шонаев Жаныбек Мустапаевич (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №414/19 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Шарт қазынашылық органында тіркелгеннен күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

Шарт қазынашылық органда 2024 жылғы 3 қазанда тіркелді.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 395 800 теңгеге 1 дана су термостат тауарын (әрі қарай - тауар) шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттелген, яғни, 2024 жылғы 1 қарашаға дейін.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылғы 7 қазанда енгізілген.

2024 жылғы 1 қарашада талап қоюшы тарапынан тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтіні туралы акт жасалған.

Жауапкер тарапынан тауар ауыстырылмай, шарттық міндеттеме орындалмаған.

Шарт 2024 жылғы 19 қарашада бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Алдын-ала сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Алдын-ала сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындап, шартта көрсетілген тауарды жеткізе алмайтынын айтып көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 05.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.01.2025, Сулы Кустанов Р. Б., 13.02.2025

1513-24-3-1/4144

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Шонаев» Шонаев Жаныбек Мустапаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Шонаев» Шонаев Жаныбек Мустапаевичтен жергілікті бюджет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 05.12.2024

Заңды күшін жоятын күні 08.01.2025 Сулья Кустанов Р. Б. 13.02.2025

шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 05.12.2024

Заңды күшіне енген күні 08.01.2025, Судья Кустанов Р. Б., 13.02.2025

1513-24-3-1/4144